

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Совет Одағы Коммунистік партиясының ісі үшін күреске дайын бол!



Газет 1930 жыл-
дың 14 марты-
нан шыға бас-
тады.

Қазақстан ПИОНЕРІ

№ 7

(7229)

22 ЯНВАРЬ

ЖЕКСЕНБІ

1989 жыл

Газет бейсенбі,
жексенбі күндері
шығады.

Бағасы 1 тиын.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы республикалық Советінің органы

[Жалғасы. Басы өткен сандарда.]

СЕЛҚОС, үздік-создық бірінен соң бірі жеткен үшінші отряд мүшелерінің басы әрең біріккенімен Дананың «Жамал әжейдің үйіне бардық» деген тосын хабары ешкімді де бей-жай қалдырмады. Әлгінде ғана тыныштық ұйыған алақандай бөлме іші араның ұясындай құж-құж қайнап шыға келген. Гу-гу әңгіме... Алып-қашпа сөздер...

— «Жынды» кемпірдің үйінен не іздеді екен?

— Нағыз жүрек жұтқан осылар.

— Оны айтасың, түнеу күні қой кезегін баққанда Кілтбайдағы кейіттердің ішінен көргем.

— Кейде сондағы шалының басына барып қонады дейді ғой.

— Қалай қорықпайды?!

— Қызықсың. Жынды адам неден қорқушы еді.

Шыдамы таусылған Дананың осы кезде даусы айрықша қатты шықты:

— Бәрі, бәрі жалған!— деді ашу қысқан ол.— Мынау отырған барлығымыз да қаңқу сөзге сеніп, қатты қателескен екенбіз. Өкінішті!

— Ие, сонда жынды кемпірдің үйіне бәріміздің де баруымыз керек пе?— Артқы жақта отырған Нұрахым мырсылдады.

— Солай шығар шамасы,— деді Ағдан да кеңкілдеп.

— Достар, бұл жерде ешқандай күлкінің қажеті жоқ.— Терезеге үңілген Дананың үні жаңағыдан гөрі дірілдеп, зорға естілген.— Ең бастысы, Жамал әжей жынды емес екен. Санду-

ғаш екеуміз көріп, сөйлестік. Біздің атымызды айтқызбастан-ақ даусымыздан жазбай таныды. Екі күннен бері қатты

Апақ-сапақта уақыттарыңды алып, төтенше отряд мәжілісіне шақырғанымыздың мәні осы. Ең алдымен айтпағым,

Жаннат, Елшібеков **ЖАҢА ЖЫЛ, БЕЛГІСІЗ ЖАУЫНГЕР ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛІЗШІЛЕР**

ПОВЕСТЕН ҮЗІНДІ

ауырып, төсек тартып қапты. Мұздай үйде жалғыз жатыр. От жағып, аузына ыстық су тамызғанымызға риза болып, рақметін жаудырды. Бәрінен бұрын Жамал әжей соғысқа кеткен ұлы Әлиін күтумен жүр екен.

Өзін-өзі ұстай алмаған Дана жылап қоя берді. Тостағанын бұған дейін шайып алған Сандуғаш құрбысының сөзін сабақтаған.

— Біз бармағанда орнынан қозғала алмай, мұздап өліп қалар ма? Кім білсін? Әйтеуір, қорқақтап есігін әрең аштық. Сөйтсек, құр бекер үрейленіппіз. Сыртынан «жынды кемпір» атап кеткен ананың зарын енді ғана ұққандаймын. Екі сөзінің бірі «қарғам» дейді.

— Жаңа Дананың сөзін күлкіге айналдырып, бұра тартқан сөлекет қылығыма кешірім өтінемін. Жамал әжейдің жайын бұған дейін білсекші. — Өз ойын білдірген Нұрахым орнында ұзақ тұрып қалды.— Менімше әлі де кеш емес.

— Нұрахымдікі дұрыс,— деді Дана.— Ешқандай кеш емес.



қазір мерекелік кешімізден соң, төрт-бесеуіміз Жамал әжейдің үйіне кіріп шығайық. Жаңа жылымен құттықтағанымыз жөн шығар. Сөз арасында Әлиі туралы сұрап білеміз. Мүмкін бір деректің ұшы көрініп қалар. Біздің қызыл-шілерге бұдан артық қандай жұмыс керек. Сосынғы үлкен мәселе — тура ертеңнен бастап кезекпен қарт анаға қолғабыс ету. Суын әкеліп, отын жарып дегендей... көмектің ешқандай ұсақ-түйегі жоқ.

— Ендеше, несіне отыра береміз.— Ағдан орнынан көтерілді. Ересектерше еліктеп сөйлеуге тырысып бағатын ол үйреншікті мақамына салды.— Жолдастар, әгерәки Дана мен Сандуғаш болмағанда бар ғой. Жамал апайдың атын ұмытып кете жаздаптық. Ендігі жерде ешқайсымыз да «жынды кемпір» дегенді ауызға алмауға ант етелік. Бұл — бір. Дананың

жаңағы пікірі өте орынды. Қайтсек те соғыста опат болған өзіміздің ынтымақтық Әлиді іздеп табуымыз керек. Бұл — екі.

— Сенкі дұрыс екен,— деді Нұрахым.

— Жарайды. Менің негізгі ескертпегім — Жамал әжені ренжітіп алмау. Қайбір жетісіп жүр дейсің. Ол кісінің алдында байқап сөйлеген дұрыс. Ондай адамдар мүсіркегенді жек көреді. Әйтпесе, осы уақытқа дейін мүшкіл халін сездірмей ме? Тоқетері қай-қайсымыз барамыз? Шуылдап шұбырудың қажеті шамалы.

— Онда Дана айтсын.

— Иә, нақты кімдер?..

— Барғысы келетіндер қол көтерсін де.

— Еңлікгүл барсын. Дана мен Сандуғашқа серік.

Дабыр-дұбыр қайта көтерілді.

— Түсінсем бұйырмасын. Сендердің Еңлікгүлдерің кім?— деді аңырған Дана.

Есік жақтан көз алмаған Ермек жымыңдаған күйі қос алақанын бірдей жайып, «бәрің де білесіңдер әлі, тек асықпаңдар» деп ишара жасады.

— Достар, бұдан былай Есеннің есімін Еңлікгүл деп атаймыз. Қарап отырсақ, класымыздағы «бикештерің» шетінен жігіттердің аттарын қор қылып жүргенге ұқсайды. Реті келіп тұрғанда ескертелік: Сонымен бірге Дабылды — Жаңыл, Оңғарды — Оңайгүл, Светті — Света деп өзгерттік. Бұдан былай біліп қойыңдар.

Шулап қоя берген ұлдар мәз-мәйрам.

— Мо-лод-цы!..

— Сонымен алғашқы барлау тобын үш қыз, үш ұлдан құрсақ қайтеді?

Дананың сауалына хормен жауап қатқандар қарсы сұрақ қойды.

— Құрамға қарсылық жоқ. Тек жеке-жеке кімдерді ұсынасың?

— Үш қызды өздерің атадыңдар. Сандуғаш екеуміздің қасымызға Еңлікгүлді қостыңдар емес пе. Ал, ұлдардан Нұрахым, Шолпанқұл, Ағдан жүрсін.

— Жауапты сапарға дайын еместігімді мәлімдеймін. Сондықтан орныма Ермекті тыққым келеді,— деді Шолпанқұл еш ойланбастан.— Егер тыңдасаңдар тағы бір тілегім бар.

— Айт... Айт!..

— Жамал апайдың үйіне міндетті түрде баратын болсаңдар жігіттердің бірі мына Жарасбайды әскерден кеше ғана келген ағасының солдат формасын сықитып киісін. Тілеубектің атасы секілді қуанып қалсыншы Жамал әжей де.

Ермек пен Нұрахым қосарлана қошеметтеп кетті.

— Мұның тіпті, тамаша идея ғой.

— Рас, сөйтсек қайтеді?

Күтпеген жерден жаппай қолдау тапқан Шолпанқұлдың тілегі жүзеге аспақ. Көпшіліктің ұйғарымымен солдат формасы Нұрахымның еншісіне тиді.

Сонымен кішкентай жүректерді толғанып, толқытқан отрядтың төтенше бас қосуы аяқталды.